



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

в РК» (утвержденные в 2003 и 2007 годы) и Государственные программы «Информационный Казахстан – 2020» (утвержденный в 2013 году) и «Цифровой Казахстан – 2025» (утвержденный в 2017 году) [1,2].

В ходе анализа и сбора информации по теме «Информационный фактор развития предприятий» нами было отмечено, что повышение эффективности функционирования предприятий, их успешная и стабильная работа возможны лишь при условии четкого планирования деятельности, постоянного сбора информации как о состоянии целевых рынков, положении конкурентов, так и о собственных возможностях и перспективах. Руководитель предприятия должен ясно представлять потребность в финансовых, материальных, трудовых и интеллектуальных ресурсах, источниках их получения, а также иметь возможность оценки рациональности использования ресурсов в процессе деятельности предприятия. Решение всех перечисленных задач значительно упрощается при использовании информационных технологий.

Итак, в заключении, если отметить, в целом, информационный фактор развития предприятий в Казахстане, то становится очевидным, что он активно и эффективно воздействует на все стороны экономической жизни современного предприятия. Действуют дополнительные информационные источники формирования прибыли, создаётся информационная инфраструктура, проводится информатизация стратегических направлений развития предприятия и организуются информационные основы экономических процессов.

Значимость статьи выражается в обосновании принципиальных основ функционирования новой экономики на предприятии на базе информационных технологий; в определении тенденций развития информационных технологий на предприятии на основе использования совокупной интеллектуальной собственности; в поиске и нахождении эффективных путей использования информационного фактора в развитие современных предприятий.

Список использованных источников:

1. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020». Астана, 2013.
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан – 2025». Астана, 2017.
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionnyy-faktor-razvitiya-i-konkurentosposobnosti-predpriyatiy-v-novoy-ekonomike>

УДК 33.3347(547)

КӘСПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сапарәлі Нұрлан Шынжігітұлы

Nurlan.saparaly@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Смаилова Д.О

Бай болғыңыз келеме? Сұрағым қызық көрінуі мүмкін, бірақ байлыққа қол жеткізу сіз ойлағандай қиын еместігін ойланып көрдіңізбе? Бұл сұрақтар ойыма алғаш келген сәттен бастап мені қатты қызықтырды. Сол сәттен бастап кітаптардан, интернеттен сұрағыма жауап іздей бастадым. Ізденісімнің алғашқы күнінің өзінде сұрағыма жауап табылды. Ол жауапты қазірде алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының: «Білімді болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуымыз керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек» - деген сөздерінен байлықтың негізгі кілті кәсіп екендігін баршамыз білеміз [1]. Сол үшінде менің мақсаттарымның бірі кәсіпкер болу. Бірақ, бүгінде Қазақстан халқының тек 5-6 % мөлшері ғана кәсіппен айналысады екен. Бұл пайыздық көрсеткіш менің мақсатыма жетуіме бір сәт күмән туғызды. Өзімдегі күмәннен арылу және мұншалықты

төмен пайыздық көрсеткіштің себебін анықтау мақсатында жетістікке жеткен Қазақстандық кәсіпкерлердің өмір жолын зерттей бастадым. Зерттеу барысында кәсіпкерлердің айналысатын кәсіптері ғана емес орналасқан жері, табиғат жағдайы бір сөзбен айтқанда аймақтары әр түрлі екендігін байқадым. Дегенмен бұл айырмашылықтар оларға үлкен қаражат табуға кедергі болмайтындығы, мендегі күмәннің сейіліп, қай аймақта болмасын кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндігі бар екендігіне сенімділік ұялатты. Кәсіпкер болуға шындықта бөт бұрып, алғашқы қадамды статистикалық мәліметтер қараудан бастадым. Жыл сайын әрбір аймақта мыңға жуық кәсіпкер өз кәсібін ашып, жыл соңында тек санаулы кәсіпкерлер өз кәсіптерін сақтап қала алады екен. Ал қалған кәсіпкерлер бастаған кәсібін халық үшін тиімсіздігінен, сұраныс жоқтығынан қысқа уақыт ішінде шығынға ұшырап, кәсібін тоқтатады. Бұл еліміздегі кәсіпкерлердің пайыздық мөлшерінің неге төмен болғандығына мен үшін қанағаттанарлық жауап болды.

Енді менде бұл кәсіпкерлердің неге шығынға ұшырайтыны жайлы сұрақ қалыптасып, анықтауға кірістім. Бұл кезде мен 11 ші сыныпты бітіріп, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне, Ақпараттық жүйелер мамандығына мемлекеттік грантты жеңіп алған болатынмын. Сұрағыма жауапты Астана қаласына келгенде түсіне бастадым. Кәсіпкерлікті жаңадан бастаған кәсіпкерлердің шығынға ұшырауының басты себебі – кәсіпкер тауарларының халық үшін тиімсіздігі және олардың аймақтық ерекшелікті ескермегені. Мен мұны сіздерге қарапайым жолмен түсіндіріп өтейін:

Мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Ш.Ділдәбеков ауылдық округіндегі, «Жаңа дала» ауылында туылып, сол жерден білім алдым. Кәсіпкерлікке мектептік кезден қызығып, өз аймағымда қандай кәсіп жасауға болатыны жайлы ойландым. Біздегі климат жылы, қарапайым халықтың басым көпшілігі егіншілікпен айналысатындықтан, егіншілер үшін еңбек өнімін арттыратын жаңа құралдар сұранысы жоғары болды. Мен егіншілер үшін егінге химиялық тыңайтқышты таратып тұратын құрал жасап, сол құралмен аз болса да жұмыс жасап жүрдім. Астана қаласына келген соң маған жаңа кәсіп түрін таңдауға тура келді. Мен жасаған құралдардың бұл аймақта ешқандай тиімділігі де қажеттілігі де болмады. Бұл кәсіпкерлікті аймақ ерекшелігіне байланысты жүргізу керектігіне қарапайым мысал.

Жоғарыда айтып өткенімдей мен Еуразия Ұлттық университетінде, Ақпараттық жүйелер мамандығының бірінші курс студентімін. Бұл мамандыққа кәсіпкерлікті мақсат еткен адам не үшін түскені бәлкім сіздерге қызық болып көрінер. Мен елдегі мықты кәсіпкерлердің пайыздық мөлшерін өсіру үшін, аймақтық ерекшелікке байланысты сол аймақ халқы үшін тиімді әрі сұранысы жақсы болатын, қандай кәсіпкерлік түрлерін бастауға болатынын айтып отыратын бағдарлама жасап шығарғым келді. Менің бұл жасаған қадамыма аймақ ерекшелігін ескеру себеп болды. Өз аймағыңызды қаншалықты көп зеріттесеңіз тиімді кәсіп түрін оңай таңдай аласыз. Аймақ ерекшелігіне байланысты кәсіпкерлікті таңдап көрейік.

Елімізде газбен жүретін көлік саны жылдан жылға өсуде. 2016 жылы Қазақстанда сұйытылған газды отын ретінде пайдаланатын автокөліктердің саны 460 933 болса, 2017 жылдың 6 айының есебі бойынша мұндай көліктердің саны 333 мыңға жеткен. Ал газды ең көп пайдаланатын өңір Маңғыстау облысы. Бұл өңірде айына 13 500-14 500 тонна газ тұтынады. Маңғыстау облысына және сол облыс манаына жол кәсіпкерлігін ашу арқылы кәсіпкерлік бастау тиімді. Төменде жол кәсіпкерлігінің фото макеті көрсетілген [2].



Тек ол облыста ғана емес, егер орналасқан аймағы ұзақ шақырымды жолдар болса, 200 км ден ұзақ қашықтықтағы жолдарға жол кәсіпкерлігін ашуға болады. Бұл кәсіпкерлік кешенінің ішінде міндетті түрде қонақ үй, жанармай құю бекеті, асхана техникалық қызмет көрсететін орын болуы керек.

2017 жылдың қазан айындағы мәлімет бойынша: қияр 26,7% ға картоп 20,3% ға, қызанақ 18,7% ға, қырыққабат 3,9% ға қызылша 1,6% ға қымбаттаған [2]. Аталған фактілерге сүйеніп, және де жеміс жидекпен көкөніске деген халық сұранысының әрдайым жоғары болатынын ескере отырып, егер аймағыңызда көкөніс пен жеміс жидек жетілдіру мүмкіндігі жоғары болса, кәсіпкерлігіңізді осы салада бастасаңыз, кәсібіңіз тез арада гүлденері түсері сөзсіз. Осы салада дамыған мемлекеттерге назар аударсақ:

Қазірде АҚШ-та кәсіпкерлік өте қарқынды дамуда. АҚШ министірлігінің мәліметтерінде кәсіпкерліктің инновациялық сипаты елдің экономикалық өсіуіне 20-25% ға дейін үлес қосады делінген. АҚШ кәсіпкерлікті қолдай отырып мәліметтік жүйе жасаған:

- Бюджеттен тікелей дотациялау;
- Мемлекеттік тапсырыстардың бір үлесін кәсіп орындарда орналастыру;
- Кәсіпкерлікке несие беру кезінде мемлекеттік кепілді ескеру;
- Кәсіпкерлікке салықтық жеңілдіктер беру [3].

АҚШ та кәсіпкерлікте негізінен аймақ ерекшелігі ескеріледі.

Жоғарыда айтылған мысалдар мен фактілерге сүйене отырып, кәсіпкерлікті дамытуда аймақтық ерекшеліктер өте маңызды екенін көре аламыз. Бір кәсіпкерлік түрінің екінші бір кәсіп түрінен айырмашылығы тек кәсіп түрінде ғана емес, ол кәсіптің қай аймақта орналасуында [4]. Өзге аймақтағы табысты кәсіп түрін өз аймағыңызда дамыта алмайсыз. Өйткені, ол кәсіпкерлік сіздің аймағыңызда тиімсіз, халық үшін қажетсіз. Егер кәсіпкерлікті жаңадан бастаған кәсіпкерлер аймақ ерекшелігін ескеріп, сол ескерулер бойынша әрекет жасаса қай аймақта болмасын кәсіпкерлігі қарқынды дамиды. Қазірде елімізде кәсіпкерлікті аймақтық дамыту бойынша әр аймаққа түрлі салада несие бөлінуде. Бұл еліміздің кәсіпкерлікті дамытуда аймақтық ерекшеліктерді жақсы ескеретінің белгісі деп ойлаймын. Әрбір аймақ жаңаша кәсіп түрін, жаңаша дамуды талап етеді. Ал аймақ ерекшелігін ескерген елді тек қана кемелденген болашақ күтері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахмет Байтұрсынұлы оқулығы.
2. stat.gov.kz
3. www.qamshy.kz
4. Informburo.kz